



ТҰРАН

Тынысы

№2 (2) / Қаңтар 2022 жыл

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



**ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ
ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҒАШЫЛДЫҒЫ**

Бұл басылым — Тұран мектебінің төл туындысы

Мектептің жаңа ғимараты іске қосылды

Құрметті оқырман, өздеріңізбен қуанышты жаңалықты бөлісуге асықпыз. Тұран даласында жаңа мектеп бой көтерді. Енді 3000 шаршы метр аумақты қамтитын үш қабатты ғимараттың құрылысы биылғы жылдың қазан айында аяқталып, 2021-2022 оқу жылының ІІ тоқсанында қолданысқа берілді. Жоспар бойынша, мектеп екі аусымда 1300 оқушыны қабылдайды. Бұл шара мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында қолға алынды. Мектебіміз жаңа талапқа сай салынды. Мектебіміздің дамуы білікті ұстаз қолында. Олай болса, ұстаздар міндеті-оқушы бойындағы жасырынып жатқан мүмкіндіктерді ашып көрсету. Мектебіміздің оқушы саны мен білім сапасын қатар арттыру-біздің негізгі мақсатымыз. Балаларымыз зәулім, қауіпсіз ортада білімін шыңдайтын болады



ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ

Сарманова Асия Анарбековна
«TURAN МЕКТЕБІ» ЖШС директоры



Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді. Ізгілікке ұмтылған әрбір тұлға түптің түбінде арманына қол жеткізеді. Оған мысал, білім жолында биікке көтерілген ұстаздар.

Ұстаз – ұлағатты есім. Жас ұрпақты білім нәрімен сусындату, адамгершілік рухта бағыт-бағдар, дұрыс тәлім-тәрбие беру – ұстаздар қауымының күнделікті ісі. Бұл игілікті іс көзге бірден ұрмаса да, жылдар өте жемісін берері хақ. «Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанмен – тарихтағы ең ұлы істің бірі» деп бекер айтылмаса керек ті. Оқытудың педагогикалық жаңа технологияларының барлығы дерлік оқушының өз бетінше білім алуын ұйымдастыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шындауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісі технологияландыру мәселесін қойып отыр. Бүгінгі күннің басты ерекшеліктерінің бірі, «Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін 2006-2009 жылдарында даму тұжырымдамасында» келтірілгендей, ақпараттың ақылға сымайтын шамадан тыс, оны игеруде адамның биологиялық мүмкіндіктерінің «артық» мөлшерде дамуы. Сол себепті де оқу оқыту қысқа мерзімде ақпараттың көлемді бөлігін тиімді түрде ұсынатын, сол ақпаратты жоғарғы деңгейде игеретін және практикада бекіте алатын әдістерді қолдануды талап етеді. Бұл талап білім беру саласында инновациялық өзгерістерге әкеліп, оқудың оқытудың негізі ретінде тұлғалық дамуды қарастырады, өйткені бұл дәуірдің идеологиялық, әлеуметтік, саяси сұраныстары адамнан төмендегідей құзырлықтарды талап етеді: ақпараттың ішінен өзіне қажеттісін тандап, оны пайдалану; проблемаларды шешу және шешім қабылдау; өзіндік пікір, идеялар, тұжырым, түсінік келтіру, оларды дәлелдей және қорғай білу; социумда ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас құра білу, бірлесе жұмыс жасай білу, жанжалдарды болдырмау; өмірге деген көзқарасын, ұстанатын сенімдерін, қажеттіліктерін, құндылықтарын жалпы

адами құндылықтармен байланыстыру; өздігімен үйрене білу, өз білімін әрқашанда дамытып отыру. Қазіргі заманғы үздіксіз өзгеріп жатқан жағдайында жоғары мектеп өз әрекетінде білім алушылардың зияткерлік (интеллектуалы) қабілеттерінің дамуына бағытталуы қажет. Сондықтан мұғалім деген қасиетті мамандық иелеріне артылар жүк пен жауапкершілік өте үлкен. Жастарды дәл бүгінгі сынаптай сырғыған жаңалықтар дәуірінде көштен қалмай ілгерілеуіне ұстаздардың дұрыс бағыт бағдар беруі аса маңызды. Елбасы ертең - ақ ескіге айналады демекші, ғылыми - техникалық процесс заманында барлық инновациялық өзгерістерге сай интеллектуалды ұлт болып қалыптасуымыз керек. Бәсекеге қабілетті азаматтарды тәрбиелеп қана қоймай, рухани бай тұлға ретінде қалыптасуы үшін педагог бар асылын аямау қажет.

Бұл тұрғыда жаңа инновациялық технологиялар мен модульдерді қолданып, өз пәнім бойынша сапалы білім беріп, алға қойған мақсатыма жете аламын. Шәкірт етіп тәрбиелеу - менің ең маңызды мақсатым.

Ал тәрбие саласында прагматизм үлгілерімен ұлттық кодты сақтай отырып, азаматты тәрбиелеу бағытында жұмыс атқарып келемін. Алдағы уақытта бұл еңбектерім өз жемісін береді деп сенемін.

Жаһандану заманында басты құндылықтардан тек ғылыми жетістіктерді алып, ал рухани жаңғыру барысында ата - бабамыздан келе жатқан асыл мұрамызды бойына сіңірген азаматтар болса, ал менің педагог ретінде дұрыс бағыт - бағдар бергендігім болады. үш тұғырлы тіл саясаттан қолдап, әлемдік кеңістікке еркін сүңгіп кете алу үшін шәкірттерімнің шет тілдерін менгергені мен үшін маңызды.

Егер жаңғыру елдің ұлттық рухани тамырынан нәр алмаса, адасуға бастайды деп Ел басымыз бекер айытпаған. Жаңғыру тарихи тәжірибеге сүйеніп, ұлттық құндылықтарды сақтай отырып жаңаға бейімделу.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай атамыз айтқандай :
Ақырын жүріп анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға...» демекші, мен балаға білім беруден ешқашан жалықпаймын деп үлкен сеніммен айта аламын.

Қолданылған әдібеттер:

Интерактивные технологии. – М., 1999 және т.с

Мектеп оқушысының күн тәртібін жоспарлау

Өз уақытын тиімді пайдаланып, әр ісін жоспарлап жүретін адам баласы үлкен жетістіктерге жетіп, тұлға болып қалыптасары анық. Күнделікті ісін қадағалап, уақытын орынды пайдалану кез-келген адамның қолынан келеді. Ол үшін адамға үлкен шыдамдылық, мықты ерік-жігер қажет. Балаңыз болашақта өз бетімен шешім қабылдауға қабілетті, биік белестерді бағындыра алатын асқан тұлға болып қалыптасқанын қаласаңыз, қазірден бастап күн тәртібін жоспарлауға үйретіңіз. Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі балаңыздың бойына жоғарыдағы қасиеттерді сіңіріп, физиологиялық тұрғыдан дұрыс қалыптасады.

Сонымен, оқушының күн тәртібін қалай ұйымдастырамыз:

1. Мектеп үйіңізден қаншалықты алыс болса, соған қарай балаңызды ертерек оятыңыз. Балаңыздың мектепке жиналып, тамақтану үшін жеткілікті уақыт болуы керек.

2. Орындауға, шамамен, он минут уақыт кететін, қиындық тудырмайтын таңғы жаттығулар жаңа жұмыс күніне тез бейімделіп, ұйқыны ашуға көмектеседі.

Баламен бірге жаттығу жасаңыз.

3. Пайдалы таңғы асты баламен бірге отырып тамақтаныңыз. Балаңыздың тамаққа деген тәбеті болмаса, оны мәжбүрлеп тамақтандырмаңыз. Таңертенгі асқа балаңыз сүйіп жейтін тағамдарды қойыңыз.

4. Балаңыз мектепке ертерек шықсын. Мектепке асықпай, табиғат көрінісін тамашалай отырып бару жақсы көңіл-күйдің кешке дейін сақталуына әсер етеді.

5. Балалар сабақтан кейін қатты шаршайды. Мектептен келген соң балаңызға сүйікті ісімен айналысып, демалып алуына мүмкіндік беріңіз.

6. Күндізгі 30-40 минуттық ұйқы бала денсаулығы үшін аса пайдалы. Ол бала бойындағы шаршаңқылықты жойып, ағзаның демалуына жағдай жасайды.

7. Таза ауада серуендеу немесе ойнау – ми жұмысын жақсартып, сергітетін тәсілдің бірі.

8. Оқушы уақтылы ұйықтап, уақтылы тамақтанғаны жөн. Ұйқының қанбай қалуы немесе дұрыс тамақтанбау бала денсаулығына кері әсер етеді.

Баланы кішкентай күнінен күн тәртібін жоспарлап, сақтауға әдеттендіретін болсаңыз, келешекте күрделі мақсаттарды алға қойып, мәселелерді ретімен шеше алатын асқан тұлғаны қалыптастырасыз.

Балаңыздың уақытты тиімді пайдалануы – оның денсаулығы, дұрыс тамақтануы мен уақытылы ұйықтауы мектептегі үлгерімінің табысты болуының кепілдігі болып табылады. Мектеп оқушысының дұрыс құрылған күн тәртібі оқумен қатар демалуға және ойын ойнауға да уақыт табуына мүмкіндік береді.

Ата-ана ретінде мектеп оқушысының күн тәртібін жоспарлап, төмендегі кестемен дұрыс ұйымдастырып отырса бала осыған әдеттенеді.

Күн тәртібі	7-8 жас	9-10 жас	11-12 жас	13-14 жас	14-15 жас	16-17 жас
	1-2 сынып	3-4 сынып	5-6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып
Таңғы ұйқыдан ояну	7.00	7.00	7.00	7.00	7.00	7.00
Таңғы жаттығу, Жуыну, Төсекті жинау	7.00-7.30	7.00-7.30	7.00-7.30	7.00-7.30	7.00-7.30	7.00-7.30
Таңғы ас	7.30-7.50	7.30-7.50	7.30-7.50	7.30-7.50	7.30-7.50	7.30-7.50
Мектепке бару	7.50-8.20	7.50-8.20	7.50-8.20	7.50-8.20	7.50-8.20	7.50-8.20
Мектепте сабақ оқу және қоғамдық жұмыс	8.20-12.30	8.20-13.30	8.20-14.00	8.20-14.00	8.20-14.30	8.20-14.30
Мектептен қайту	12.30-13.00	13.30-14.00	14.00-14.30	14.00-14.30	14.30-15.00	14.30-15.00
Түскі ас	13.00-13.30	14.00-14.30	14.30-15.00	14.30-15.00	15.00-15.30	15.00-15.30
Күндізгі демалу, ұйқы	13.30-14.30					
Таза ауада серуендеу	14.30-16.00	14.30-16.00	15.00-16.00	15.00-16.00	15.30-16.00	15.30-16.00
Сабаққа дайындалу, үй тапсырмасын орындау	16.00-17.00 1 сынып 16.00-17.30 2 сынып	16.00-18.00	16.00-18.30	16.00-19.00	16.00-19.00	16.00-19.00
Таза ауаға шығу немесе үйірмеге бару	17.30-19.00	18.00-19.00	18.30-19.30	19.00-20.00	19.00-20.00	19.30-21.00
Кешкі ас және телевизор, компьютер қарау, кітап оқу, музыка тыңдау	19.00-20.00	19.00-20.30	19.30-21.00	20.00-21.00	20.00-21.30	21.00-22.00
Кешкі ұйқыға дайындалу (әжетхана, беті-қолы жуу, тісті тазалау)	20.00-20.30	20.30-21.00	21.00-21.30	21.00-21.30	21.30-22.00	22.00-22.30
Түнгі ұйқы	20.30-7.00	21.00-7.00	21.30-7.00	21.30-7.00	22.00-7.00	22.30-7.00


Ата-ана: Нұрмахан Әзімбекұлы
Шымкент қаласы

Ақпараттар tarbie.kz отбасылық сайтынан және bilimdiler.kz білімділер порталынан алынды.

Ұстаз – Ұлы тұлға.

Ұстаз-білім беріп,ғылым,даналық жолына тәрбиелейтін адам.Ұстаздың берген білімін тыңдап,айтқанын орындау керек.Әр саланың өз дана ұстазы бар,өз ісінің шебері бар. «Ұстаздан шәкірт озар» дегендей,мықты білімді ұлы ұстаздың арқасында үлгілі шәкірттер шығып,көптеген жетістіктерге жетіп,ұстаздарынан да озып жатыр.Мысалы: спорт саласы,өнер саласы, ғылым саласы, т.б.

Ұстаз-өмірге тәрбиелейтін мейірімді жан.Ұстаздың айтқанын тыңдауға міндеттіміз.Ұстазды біз жақсы көреміз.



Мен өмірімді жақсы көремін

Мен өмірімді жақсы көремін.Өйткені біз бейбітшілік өмірде өмір сүреміз.Тәуелсіздігімізді 1991 жылы алдық.Осындай тәуелсіздіктің арқасында бақытты балалық шағымыз өтуде.Сондай-ақ бейбітшіліктің арқасында білім алып,кітап оқып,керемет өмір сүріп жатырмыз.

Мен қатты бақыттымын және өмірді де жақсы көремін.Қасымда әрқашан да ата-анам және інілерім бар.Өмірімде ешқандай қиыншылық жоқ.Біздің деніміз сау,аспанымыз ашық,киіміміз бүтін,тамағымыз тоқ,мектепке барып сабақ оқимыз,қыдырамыз,ойнаймыз,бұдан артық не керек?! Сондықтан да мен өмірімді жақсы көремін!

4 «Ә» сынып оқушысы: **Оңалбек Кәусар**
Сынып жетекшісі: **Садирова Улжалғас**

«ҚЫЗЫҚТЫ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ӘЛЕМІНДЕ» СҰРАҚ - ЖАУАП

1. Жердің бетін зерттейтін ғылым не?

--	--	--	--	--	--	--	--
2. Жердің су қабығы не?

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--
3. Желдің бағытын көрсететін не?

--	--	--	--	--	--
4. Күн жүйесінде қанша ғаламшар бар?

--	--	--	--	--
5. Ғарышта 3 рет болған қазақстандық ғарышкер?

--	--	--	--	--	--	--	--



«Кім тапқыр» сөзжұмбақ

			Ж	Ұ	Л	Д	Ы	З			
Г	А	Г	А	Р	И	Н					
			О	Р	Б	И	Т	А			
			М	А	С	Ш	Т	А	Б		
О	Р	Н	И	Т	О	Л	О	Г	И	Я	
		Ж	А	М	Ы	Л	Ғ	Ы			
А	В	С	Т	Р	А	Л	И	Я			
А	У	А	Р	А	Й	Ы					
			С	А	Т	У	Р	Н			
			Т	А	Б	И	Ғ	А	Т		
А	Р	А	С	А	Н						
Ш	Ө	Г	І	Н	Д	І					
Г	Л	О	Б	У	С						



- 1) Күндіз білінбейді түнде көрінбейді
- 2) Ең бірінші ғарышкер кім
- 3) Күнді айнала қозғалатын ғаламшарлардың жолы не деп аталады
- 4) Картада жердің белгілі бір нүктелер аралығында қашықтықтың кішірейтілген өлшемі не
- 5) Құстар туралы ғылым
- 6) Мантия латын тілінен аударылғанда қандай мағынаны білдіреді
- 7) Ауданы жағынан ең кіші материк
- 8) Белгілі бір жердегі тәулік ішінде болатын атмосфераның төменгі қабатының жағдайын не деп атаймыз
- 9) 9 ғаламшарлардың бірі
- 10) Жердің үстіндегі құнарлы қабаты
- 11) Минералды немесе жылы су
- 12) Тау жыныстарының бірі
- 13) Жердің барынша кішірейтілген үлгісі

Дайындаған :
Кожсакулова Ақбота
Нуржанқызы


«Кім тауып оқи алар екен?»

Келтірілген сызықтарға ел-халық туралы сегіз мақал жазылған. Сызық бойымен сызғышты жүргізе отырып, сол мақалдарды тауып кім оқи алар екен? (Қосу белгісі нүкте орнына жүреді)



Жұмбақтың шешуін тауып, суреттен боя және жаттап ал.

Қыт-қыт етеді.
Кезіп жүріп көшені.
Жата қалса орнына,
Ақ дөп тастап кетеді



Дайындаған: Тастемирова Лаззат Жайлауовна









ЛОГИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕР

1. Айгерімнің әкесінде 3 қыз бар. Гүлсая, Жансая және ...?
2. Астанадан Қарағандыға жету үшін 2 сағ 30 мин қажет. Ал Қарағандыдан Астанаға жету үшін қанша минут қажет?
3. Қай сөз әрдайым дұрыс болып естіледі?
4. Ол сізге тиесілі, бірақ адамдар оны сізден жиі қолданады?
5. 1 бұқа 5 литр сүт беретін болса, ал 5 бұқа қанша литр сүт береді?
6. Жабық көзбен нені көруге болады?
7. Тауық өзін құспын деп айта алады ма?
8. Автобус ауылға жүріп келе жатыр, ол қарама – қарсы бағытта келе жатқан 3 автокөлікті көрді. Ауылға неше көлік бара жатыр?
9. Саябақтың ішінде 6 орындық тұр. Оның екеуін бояп қойды. Саябақта неше орындық тұр?
10. Оқушы мектепке 15 минутта жетеді. Ал 3 оқушы осы жолды қанша уақытта өтеді?
11. Термометр 15 градусты көрсетіп тұр. Дәл осындай 2 термометр неше градусты көрсетеді?
12. Жаңбырдың кезінде кімнің шашы суланбайды?
13. 2 жыл бұрын ағасы мен қарындасы 15 жаста еді. Қазір ағасы 13 жаста. Қарындасы 9 жасқа толуы үшін неше жыл қажет?
14. Әкесі 34 жаста, баласы 11 жаста. Неше жылдан кейін әкесінің жасы баласының жасынан 2 есе артық болады? Теңдеу арқылы шеш.



Дайындаған: Қалмаханбет Фариза


Математикалық боямақ

3 =		$3+4$	$3+6$	$9-2$	$5+3$
4 =		$1+6$	$7+2$	$1+8$	$10-3$
5 =		$8-1$	$5+2$	$3+4$	$2+6$
6 =		$8-2$	$4+6$	$9+1$	$9-1$
7 =		$8+7$	$5+1$	$1+8$	$6+2$
8 =		$6+3$	$2+1$	$2+8$	$1+6$
9 =		$10-1$	$4+5$	$6+3$	$8-3$
10 =		$6+3$	$2+7$	$2+8$	$2+5$




- | | | | |
|--|--|--|--|
|  21 |  27 |  24 |  81 |
|  56 |  20 |  21 |  9 |

«Қай әріпті жоғалттым» ойыны



...ю



...рындық



...рамал



м...йыншақ




д...п



д....мбыра

Т дыбысы бар жемістерді себетке сал.



1) Отгадай пословицу по двум словам и запиши :

Отмерь – отрежь.

Хлеб – голова.

2)Соедините линиями выражение и подходящее словосочетание.

1.Глаза на лоб лезут

1.Очень быстро

2.Глаза слипаются

2. Очень темно

3. Хоть глаз выколи

3. Сильно удивляться

4. В мгновение ока

4. Быстро

5. Не успел глазом моргнуть

5. Сильно хочется спать

3) Вставь пропущенные окончания.

Соснов... шишка, бел... платье, спокойн... река, вечерн...
 заря, сер... облако, легк... туман, лев... берег, сладк...
 малина, свеж... ветер.


Соотнеси слова и схему

Усмешка Вырубка Сынок Осина Записка

Лесник Шарик Внеклассный Разнесла Сосчитаю Накормят

1. Look, complete the sentences

Winter Rebus Story Example





I love when it  ! I can build a  .

My  and  always help me. We put


a  on our  and a

 and  , too.

2. Complete the words. Ch, t, r, b.

 _air  _able  _adio  _ed

3. Read and colour



1. Colour the triangle red
2. Colour the circle blue
3. Colour the square green
4. Colour the rectangle yellow

Prepared by Asan Aisapar.

Алтын күз.

Күзде барлық жеміс-жидектер пісіп, қамбамыз астыққа толады. Айнала қызғылт сары түске енді. Ағаштардағы жапырақтар сары түске боялып жерге түсіп жатыр. Жыл құстары туған жерін қимай, жылы жаққа ұшып барады. Жаңа оқу жылы басталып, оқушылар мектепке қарай барады. Күзгі жауын-шашын басталып, күн салқындыды. Күз мезгілі өте керемет.

Алтын күз.

Өлкемізде алтын күз,
Қамба толды астыққа.
Айналамыз сары түс,
Құстар кетті алысқа.

Оңалбек Дінмұхамед
2 «Б» сынып оқушысы

«Күз»

Келді міне алтын күз,
Сарғая күткен мезгілім
Жапырақтары сарғайған
Шуағындай төгіліп.

Күн суытты балалар
Білім айы басталып
Оқу оқып үйреніп
Білім нәрін аламыз.

Жанат Олжас
2 «В» сынып оқушысы





Тәуелсіздік белестері

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

«Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу: ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір гана Отанымыз бар: ол тәуелсіз Қазақстан».

Нұрсұлтан Назарбаев

Тәуелсіздік күні еліміздің барлық азаматтары үшін орны ерекше мереке себебі, осынау жүрекжарды қуанышқа толы күнді ата-бабаларымыз сұрапыл жылдарды аянбай күресе отырып, сан ғасырлар бойы армандап, күтумен қол жеткізгені баршамызға аян. Міне бүгінгі ұрпақ қуанышпен Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл толған торқалы тойымызды тойлау үстіндеміз. Қазағымның басынан не өтпеді десеңізші... тарихына көз жүгіртер болсақ осынау 30 жылда ауыз толтырып айтарлық белестеріміз бар.

- 1991 жылдың желтоқсаны - алғашқы бүкілхалықтық президенттік сайлау, мемлекетіміздің жаңа атауы туралы шешім қабылдау, 16 желтоқсан – Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев сайланды.

- Қазақ дейтін менің бір елім,

Жатыр алып жарты дүние әлемін.

Бұл даланы анам жаспен суарған,

Бұл далаға жылап келіп қуанған, -деп

Қасым Аманжолов ағамыз жырлағандай, кең байтақ жерімізді қастерлей білейік. 1991 жылғы 16 желтоқсан Республиканың тәуелсіздік алған күнімізден бері толағай жетістіктерге толы. Бізді әлем тани бастады. 1992 жылы Н.Ә. Назарбаевтің «Қазақстанның егемен мемлекет ретіндегі қалыптасуы мен дамуының стратегиясы еңбегі жарияланды. Бұл еңбектің маңызы: -Тәуелсіздік жолына түсудегі басты бағыттар көрсетілді. -Ел дамуының түбегейлі концепциясы алғаш рет анықталды. -Ішкі және сыртқы саясат саласындағы, ұлттық күйсіздік жөніндегі міндеттер сараланды. -Қазақ халқының тарихи миссиясына тоқталып, жергілікті ұлт мүддесі

ерекше ескерілетіні қажеттігі айтылды. «Ұлт өзінің мемлекеттігінсіз ұлт болып өмір сүре алмақ емес... Біздің мемлекетімізде тұрғылықты ұлттың-қазақтардың мүдделері жекелеген мәселелерде ерекше атап айтылатыны әбден орынды, мұның өзі мемлекеттердің бірқатарында тап, осылай етіледі де», деп атап көрсетті Н.Ә.Назарбаев.

1991 жылдың соңында егемендігін жариялаған Қазақстан өз мемлекеттігін құрудың жолына түсті, мемлекеттік тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 1992 жылғы қаңтарда оның ішкі істер әскері құрылды. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуы кезек күттірмейтін міндет ретінде оның мемлекеттік нышандарын (символдарын) қабылдауды талап етті. Бүкілхалықтық талқылаудан кейін 1992 жылғы маусымда Жоғарғы Кеңестің сессиясы Республиканың жаңа мемлекеттік Туын мен Елтанбасын бекітті. Ту авторы-суретші Шәкен Ниязбеков, Елтанба авторлары-сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов. 1992 жылғы 11 желтоқсанда Қазақстан Республикасы мемлекеттік Әнұранның мәтіні бекітілді. Мәтінін жазғандар- Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Жадыра Дарибаева. Әуенін жазғандар- Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский, Латиф Хамиди (1944 ж. нұсқасы сақталды). 1993 жылғы қаңтардың 28-інде Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданды. Негізгі Заң 4 бөлімнен, 21 тараудан, 131 баптан тұрды. Оның Құрамдас бөлімі еліміздің қоғамдық даму ерекшелігін бейнелейтін өтпелі кезең жадайларына арналған тарау. ТМД-ның кейбір елдерінде КСРО мемлекеттік банкі мен Россия банкісінің 1961-1992 жылға банкнот айналымының тоқталуына байланысты, Қазақстанға осы банкноттардың заңсыз түрде енгізілуі күрт жоғарылады. Оның салдары: елдегі барлық қаржы жүйесі құлдырады, ақша

күнсызданды, тұрғындардың тұрмыстық деңгейі төмендеді. Осы себептерден Қазақстан өзінің ұлттық валютасын енгізуге шешім қабылдады. 1993 жылғы 5 қарашада «Ақша жүйесін тұрақтандыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы» Президент жарлығы шықты. 1995 жылғы 1 наурызда мемлекет басшысы жанындағы қоғамдық консультациялық-кеңесші орган-Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды. Мақсаты: қоғамдық тұрақтылықпен ұлтаралық татулықты нығайту.

1995 жылғы 24 наурызда Қазақстан халықтары Ассамблеясы (ҚХА) сессиясы ашылды. Онда қаралған мәсиелер: Президент Н.Ә. Назарбаевтің өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзарту мақсатынында бүкілхалықтық референдум өткізу туралы ұсыныс енгізу. Елбасының бұл қызметте болуының бірінші конституциялық мерзімі 1996 жылдың желтоқсанында аяқталатын еді.

1995 жылы 29 сәуірде Президент Н.Ә. Назарбаевтің өкілеттігін 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейін ұзарту жөнінде бүкілхалықтық референдум өткізілді. Сайлаушылардың 95,4%-ы Н.Ә. Назарбаевтің өкілеттілігін ұзартуды қолдады. Бұдан кейін әкімшілік-басқару аппаратын қысқарту және құрылымдық оңтайландыру жөнінде батыл шаралар қолданылды. Орталық үкімет қайта құрылып сан жағынан ықшамдалды, жерлікті жердегі басқару құрылымдары қысқартылды. Нәтижесінде 1997 жылы министрліктер мен ведомстволар 50-ден 25-ке азайды. Әкімшілік ауданның 220-ның 30-ға жуығы таратылды. Әкімшілік облыстар 19-ден 14-ке кеміді. 1997 жылы 22 сәуірде Торғай, Талдықорған облыстары таратылды. 1997 жылы 3 мамырда Көкшетау, Жезқазған, Семей облыстары таратылды. Қазаргі кезеңде Қазақстанда 14 облыс бар. Осы жылдар ішінде елімізде қыруар істер атқарылды. Атап айтсақ тарихи жеріміздің шекарасы халықаралық шарттарға сай бекітілді. Мемлекеттік рәміздеріміз, Ата заңымыз, ұлттық валютамыз және Сарыарқаның кең жазық даласында барша елдің өзінің тез көркейіп өсуімен таң қалдырып, жаңа Астанамыз дүниеге келді. Әлемдік қауымдастық алдында «Қазақстан Республикасы» деген асқақ рухты ел екенін мойындаттып ұмытылған дәстүрімізді жаңғырттық. Ел экономикасы да жылдан-жылға нығайып, мәдени, рухани даму деңгейі белеске бой көтерді. Өзіне тән әлемдік қауымдастықтың ықпалды мүшесі болып табылатын тәуелсіз мемлекет құрылды. Бізді әлем таныды. Халқымыздың әл-ауқатын жақсартуда жыл сайынғы ел Президенттің халыққа арналған Жолдаулары мен қабылданған мемлекеттік бағдарламалар, стратегиялық бағыттардың

барлығы да қарапайым халықтың тұрмысын жақсартып, тәуелсіздігімізді нығайтуға бағытталды. Елбасы өз Жолдауында ішкі саяси мен ұлттық қауіпсіздіктің негізгі мақсаттары қоғамда келісім мен тұрақтылықты сақтау, ел қауіпсіздігін нығайту екенін атап өтті. Саяси жүйені жетілдіруде құқықтық реформаның маңызды рөл атқарылатынын көрсетіп берді. Мақтана айтар мына жайтқа тоқсалсам: 2001 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен Астана төрінен «Атамекен» Қазақстан картасы» этнографиялық-мемориалдық кешені» деп аталатын мәдени орын ашылды. Қазақстанның кішірейтілген картасы іспеттес. Аспан астындағы мұндай мұражай дүние жүзінің 17 елінде ғана бар. Бельгиядағы «Шағын Европа» саябағы, Австрия, Швейцария, Германия, Испания, Ұлыбритания елдерінің үлгісімен дүниеге келген «Атамекенде» 14 облыс, 2 қала — Астана мен Алматы қалаларының макеттері қойылған. Еліміздің тәуелсіздігі - ата-бабамыздың асқақ арманынан туындаған, бүгінгі ұрпақ қол жеткізген ұлы жеңіс. Қаншама қиындықты бастан өткерседе, еліміздің бар мақсаты халық болып бірігіп, тәуелсіздікке қол жеткізу болатын. Біздің мемлекет сан түрлі ұлт пен ұлыстан біріккен еліміз. Ұлы байтақ жері бар сабырлы да еркін халқы бар үлкен мемлекеттің өзгеге ұқсамайтын тарихы, қалыптасу, даму жолы да ерекше болды. Ата-бабадан қалған ұлан-ғайыр жерді игеріп, дербес мемлекет ретінде өз билігімізді сақтай отырып, өзгеге көңіліміз ашық, дастарханы, қолы жомарт халық ретінде дамып жатқан еркін елміз. Тәуелсіздіктің ең басты жетістігі – еркіндік! Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қазақстандықтар үшін айрықша оқиға. Ол ата – бабаларымыздың қанымен, ерлігімен, қайратымен, қуғын – сүргіндерде арманда кеткен аяулы ағаларымыз бен апайларымыздың рухымен қолымыз жеткен Тәуелсіздік, оны күнделікті қорғау, қолдау қажет. . Еліміздің ертеңі үшін аянбай еңбек ету, оқу оқып, білім игеру, жас тәуелсіз елдің болашағы мына біздің қолымызда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Х. Маданов. «Қазақ халқының арғы-бергі тарихы». Алматы, 1995.
- 2.. Ғ. Маймақов. «Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық тарихы». Алматы «Ғылым», 2000.
- 3.Егемен Қазақстан. 2014, №246
- 4 Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы

ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ [1991- 2021 Ж.Ж.]

- 1991 жылы 1 желтоқсан – ҚР-ның Тұңғыш президенті болып Н.Ә.Назарбаев сайланды;
- 1991 жылы 10 желтоқсан – «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы атауын өзгерту туралы» Заң қабылданды;
- 1991 жылы 16 желтоқсан – «ҚР-ның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Заңы» қабылданды;
- 1991 жылы 29 тамыз - «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» Жарлыққа қол қойылды;
- 1991 жылы 2 қазан – қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ғарышқа ұшты;
- 1992 жылы 2 наурыз – ҚР БҰҰ-ның мүшесі болды;
- 1992 жылы 22 мамыр – ҚР ЮНЕСКО құрамына енді;
- 1992 жылы 4 маусым – «ҚР-ның мемлекеттік туы», «ҚР-ның мемлекеттік елтаңбасы», «ҚР-ның мемлекеттік әнұраны туралы Заңы» қабылданды;
- 1992 жылы 29 қыркүйек – Алматыда Дүниежүзілік қазақтар Құрылтайы өткізілді;
- 1993 жылы 15 қараша – ҚР-ның ұлттық валютасы теңге айналымға шықты;
- 1993 жылы 28 қаңтар – ҚР-ның Тұңғыш Конституциясы қабылданды;
- 1993 жылы – ҚР-ның тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашақ» бағдарламасын тағайындады;
- 1994 жылы шілде – ғарышқа екінші қазақ Талғат Мұсабаев ұшты;
- 1995 жылы 30 тамыз – ҚР-ның Жаңа Конституциясы қабылданды;
- 1995 жылы 1 наурыз – Қазақстан Халықтарының Ассамблеясы құрылды;
- 1995 жылы – қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мерейтойы;
- 1996 жылы – ұлы ақын Жамбыл Жабаев жылы;
- 1997 жылы – Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы және қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы;
- 1997 жылы 10 желтоқсан – Қазақстанның жаңа астанасы Ақмола қаласы болып жарияланды;
- 1997 жылы – ҚР-ның «Тіл туралы», «Білім туралы» Заңы қабылданды;
- 1998 жыл – Халық бірлігі мен Ұлттық тарих жылы;
- 1998 жылы 10 маусым – жаңа Астананың ресми тұсаукесері өтті;
- 1999 жылы – Астана қаласы ЮНЕСКО-ның «Әлем қаласы» сыйлығымен марапатталды;
- 1999 жыл – Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы;
- 2000 жыл – Мәдениет жылы;
- 2000 жылы – шежірелі Түркістанға 1500 жыл толды;
- 2001 жылы – Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жылы, Тәуелсіз Қазақстанға 10 жыл;
- 2002 жылы – Денсаулық жылы;
- 2003-2005 жылдар – Ауыл жылы;
- 2003 жылы – Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Бірінші съезі болды;
- 2004 жылы – ҚР Президенті «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы Қаулыға қол қойды;
- 2005 жылы – Ресейде «Абай жылы», Қазақстанда «Пушкин жылы» аталып өтті;
- 2005 жылы – Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 60 жылдығы;
- 2006 жылы – Желтоқсан оқиғасына 20 жыл;
- 2006 жылы қыркүйек – Әлем діндерінің Екінші съезі өтті;
- 2007 жылы – Қазақ тілін қолдау жылы;
- 2008 жылы – Астанаға 10 жыл;
- 2009 жылы - Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Үшінші съезі болды;
- 2009 жылы – Халық санағы өткізілді;
- 2010 жылы – ҚР Еуропаның Қауіпсіздік және Бінтымақтастық Ұйымына төрағалық етті;
- 2010 жылы – Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының туғанына 100 жыл;
- 2011 жылы – Қазақстанда VII қысқы Азия ойындары өтті;
- 2012 жылы – Лондон Олимпиадасында Қазақстан құрамасы 7 алтын иеленді;
- 2012 жылы – «Қазақстан – 2050» стратегиясы қабылданды;
- 2013 жылы – «ЭКСПО-2017» көрмесін Қазақстанда өткізу туралы шешім қабылданды;
- 2014 жылы – «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауы жарияланды;
- 2015 жылы – Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл;
- 2015 жылы – Ұлы Отан соғысына 70 жыл;
- 2015 жылы 2 қыркүйек – қазақстандық ғарышкер Айдын Айымбетов ғарышқа ұшты;
- 2015 жылы 27 шілде – Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі атанды;
- 2016 жылы – Ыбырай Алтынсариннің 175 жылдығы, Ұлт азаттық көтеріліске 100 жыл;
- 2017 жылы 10 маусым – 10 қыркүйек – Қазақстанда алғаш рет ЭКСПО көрмесі ұйымдастырылды;
- 2018 жылы – Астанаға 10 жыл;
- 2019 жыл – «Жастар жылы» болып жарияланды;
- 2019 жылы – Астана қаласының атауы Нұр-Сұлтан деп өзгертілді;
- 2019 жылы 9 маусым – Қасым-Жомарт Тоқаев ел президенті болып сайланды;
- 2020 жылы – Ата Заңымызға 25 жыл;
- 2020 жыл – Еріктілер жылы болып жарияланды;
- 2021 жылы – ҚР-ның Тәуелсіздігіне 30 жыл;
- 2021 жылы – «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына 30 кітап», «Бір ел – бір кітап» акциясы ұсынылды;

Маханбетова Ардақ Абілсейітқызы
Тарих пәні мұғалімі
Педогог-сарпасшы

„ШАХМАТ“ АҚЫЛ - ОЙ СПОРТЫ



*Мамасерипов Асылбек Абайұлы
Дене-шынықтыру пән мұғалімі*

Шахмат – ғылыми ақыл-ой және халық шығармашылығы негізінде пайда болған ең танымды да, қызықты спорт ойыны. Шахмат

ойынын тақта үстіндегі соғыс деуге болады. Ойын тұңғыш рет 5 ғасырда Үндістанда шыққан. Ежелден қалған аңыздар бойынша, шахматты ең алғаш болып біздің эрамызға дейін 1000 жыл бұрын Үндістандық математик ойлап тауыпты. Шахмат ойынының тұңғыш аты «чатуранга». Шығыста ел билеуші патшаны шах деп атайды. Ал «мат»–«өлді» деген сөз екен. Сонда «шахмат» сөзін: «Қарсыластың патшасына (королине) өлім келсін!» – деп аударуға болады. Шахмат тақтасы ақ және қараға боялған бірдей 64 шақпаққа бөлінеді. Ойынның мәні де осында, мұнда «ақ жағы» мен «қара жағының» екі армиясы 64 шаршылы тақта үстінде шайқасады. Ойынды заңды түрде 2 ойыншы ойнайды.

Мектептегі шахмат үйірмесінің мақсаты.

Шахмат үйірмесінде оқушылар шахмат ойыны туралы алғашқы мәліметтер алу мен бірге, дебют туралы білімдерін кеңейтеді.

Шахмат ойыны оқушының ойлау, байқампаздық, зейінділік қабілеттерін дамытады.

2012 жылы қыркүйектің 5-күні Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан білім қоғамына барар жолда» тақырыбында өткен онлайн режиміндегі дәрісінде мектептерде шахмат ойынын пән ретінде енгізуді қолдайтынын, «Біз шахматты осы уақытқа дейін ойын ретінде қабылдап келдік. Шындығында шахмат адамның ақыл-ой дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар балалардың логикалық ойлау, алдын-ала болжау, математикаға бейімделу қабілетін арттыру, нерв жүйесін қалыптастыру, компьютерге тәуелділігін арылтуға мүмкіндік туғызады» -деген болатын.

Шахмат ойыны оқушыны тез ойлану, дәл де, анық есептеуге үйретеді. Жеңіске жетуге

талпындырып, адамның ерік-жігерін арттырады. Үйірмеге оқушыларды дайындықты бастауыш сыныптардан қабылдаған дұрыс. Тәжірбие олардың тез меңгеретіндігін көрсетіп отыр.

Үйірме жұмысы бағдарламасын жүзеге асыру үшін сабақ барысында қолданылатын тәсілдер: әңгімелесу, мұғалімнің тарихында орны бар тұлғалар туралы баяндамалары, бірмезгілдегі сеанстық ойындар, шахмат этюдтері мен үлгілі партияларын талдау және оқушылар арасында турнирлер ұйымдастыру.

Сабақ барысында мұғалім оқушылармен жекелей, кіші топта, жалпы үйірмелік әдістерін де қолдана алады. Бір ғана сабақ барысында оқытушы оқыту және үйретудің іс-әрекетін, бағдарын өзгерту арқылы оқушылардың ынтасын басқа жаққа аудармауына, зерікпеуі мен шаршап қалмауына септігін тигізеді.

Үйірменің оқушыларға шахмат үйрету барысында күтетін басты нәтижелері:

- * Оқушылардың шахмат ойынын меңгіруі
- * Оқушы бойындағы байқампаздық, ынтасы, елестете білу, ойлану, есте сақтау қасиеттерінің бейімделуі мен дамуы
- * Оқушы мінезім тәрбиелеу;

Шахмат ойнауды кез келген адам және кез келген жасында үйрене алады. Мысалы әлем чемпиондарының бірі Анатолий Карпов шахмат ойнауды 4 жасында үйренген. Ал небары 13 жасында осы Карповты жеңген қазақ шахматшы қызы Жансая Әбдімәлік 8 жасында-ақ әлем чемпионы атанып үлгерген еді. Қазіргі кезде көптеген бала жеті-сегіз, кейде бес жасынан бастап шахматпен әуестене бастайды. Әрине, әр адамның әлемді қабылдауы әртүрлі. Бірі тез түсініп, есте сақтап алатын болса, енді бірі ақырын жүріп анық басады. Алайда бала бойындағы жеткіліксіз қасиеттерді осы дана ойын арқылы сіңіруге болады. Шахматпен айналысу адамның біршама тұлғалық қырын жетілдіреді.



ТЕМПЕРАМЕНТТІ АНЫҚТАУ ТЕСТІ

Берілген пікірлердің ішінен өзіңізге тән дегенін белгілеңіз.

1. а) Мазасыз, күйгелексіз.
- б) Көңілді, ақжарқынсыз.
- в) Сабырлы, байсалдысыз.
- г) Ұялшақ, қысылып-қымтырыласыз.

2. а) Ұстамсыз, қызбасыз.
- б) Белсенді, істе ширақсыз.
- в) Ретті, нақтысыз.
- г) Жаңа ортада ыңғайсызданасыз.

3. а) Шыдамсыз.

б) Бастаған беті аяқсыз қалдырасыз.

в) Сақ, парасаттысыз.

г) Жаңа адамдармен тіл табысу сізді киналдырады.

4. а) Қарым-қатынаста бірбеткей, тік мінездісіз.
- б) Өзіңізді асыра бағалайсыз.
- в) Шыдамсыз.
- г) Өз күшіңе сенбейсіз.

5. а) Батыл, белсендісіз.
- б) Жаңашыл нәрсені тез қабылдайсыз.
- в) Үндемейтін, көп сөйлегенді жек көресіз.
- г) Жалғыздықты ұнатасыз.

6. а) Бірбеткейсіз.

б) Ықылас бейімділігіңіз тұрақсыз.

в) Аспай-саспай бір қалыпты сөйлейсіз.

г) Сәтсіз жағдайларда үнжырғаңыз түсіп, сасасыз.

7. а) Дау-дамайда тапқырсыз.
- б) Сәтсіздік, көңілсіздікті тез жеңесіз.
- в) Ұстамды, шыдамды.
- г) Өз ойыңызбен отырғанды қалайсыз.

8. а) Тәуекелге бейімсіз.
- б) Әр түрлі жағдайларға тез бейімделесіз.
- в) Бастаған істі аяғына дейін бітіресіз.
- г) Тез шаршап қаласыз.

9. а) Іске анда-санда ғана араласасыз.

б) Кез-келген жаңа іске қызығушылықпен кірісесіз.

в) Күшіңізді бекерге жұмсамайсыз.

г) Тым әлсіз сөйлейсіз, кейде тіпті естімей қалады.

10. а) Қайтымы жылдам, секемшілсіз.
- б) Тартымсыз болса, көңіліңіз тез қалады.
- в) Қойылған күн тәртібін ұстанасыз.
- г) Еріксіз әңгімелесушінің мінез-құлқымен

үйренесіз.

11. а) Шапшаң, әсерлі, бірақ жиі тоқтап сөйлейсіз.

б) Жаңа іске тез кірісесіз, басқа іске де араласып кетесіз.

в) Шапшаңдығыңызды басып отырасыз.

г) Істе шапшаңдық танытпайсыз.

Темпераментті анықтау тесттің кілті.

Әр нұсқаға «1» ұпай беріледі.

А) холерик — (ыстыққанды)

Б) сангвиник — (жеңілқанды)

В) флегматик — (суыққанды)

Г) меланхолик — (ауырқанды)

Қай нұсқаның балы көп болса, сол темперамент иесінің көрсеткіші.

Темперамент — жүйке саласының тума қасиеттерін туындайтын адамның жеке-дара өзгешелігі. Мәселен, қимыл-қозғалысы шапшаң, ұстамсыз, ылғи да күйіп пісуге дайын тұратын күйгелек адамдар болады. Мұндайлар істі бұрқыратып істейді, кейде қолын бір сілтеп сылқ түседі. Еті тірі, ойнақы, тынышсыз, шамданғыш, көңіл-күйі аумалы-төкпелі, жұртпен қарым-қатынаста тұрақсыз, пысық, бірақ бейқам келеді. Ғылымда бұлар холерик деп аталады.

Адамдардың енді бір тобы кісімен тез тіл табысады, өзін көңілді ұстайды, бұл ақкөңіл қызу істің адамдары. Қысылып-қымтырылмайды, кісіге қайырымды, еті тірі, бірақ істі бастап, кейін тастап кетеді. Мұндай адамдарды сангвиник темпераментінің өкілі дейді.

Енді біреулер сақ, байыпты, байсалды, ынтымақшыл келеді. Әр ісін ойлап істейді, тұрақты, бірқалыпты жүреді, орынсыз асып-саспайды. Бір істі бастаса, оны аяқсыз қалдырмайды. Мінезі ауыр, көрсеқызар емес, қимыл-қозғалыстары баяу. Бұл флегматик темпераментінің өкілі.

Меланхолик темпераментіне жататындар сәл нәрсеге ренжитін, өкпелегіш, тұйық, көп сөзі жоқ, пессимист, өте баяу қозғалатын жайбасар адам. Ол жасқаншақ, сіркесі су көтермейді, өте ынжық кісі «мен» деп ешқашан ұмтылмайды, өте ұялшақ, тартыншақ, жұрттан аулақ жүргенді жаны сүйеді.

Әзірлеген:
Ба сынып оқушысы
Жолтай Азима



Жақсылық Ернұр Саматұлы

Жақсылық Ернұр Саматұлы - көрікті келбетімен, халқының қонақжайлылығы, бауырмалдығымен ерекшеленетін, бүгінгі күнгі мегаполисті қала Шымкент шаһарының ұланы. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов: «Білімсіз адам-білтесіз шаммен тең» деген еді. Сондықтан, білімсіз болсаң, қоғамда прогресс, жаңа бағытқа қарай өрлеу мүмкін емес. Қазіргі уақыт-адамзат биігін ғылым, техника, ой ұшқырлығымен, біліктілікпен бағындырудың заманы. Солардың қатарынан 2012 жылы 6 қаңтарда Шымкент қаласында өмір есігін ашқан

Жақсылық Ернұр Саматұлы да ержетіп келеді. Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Тұран шағын ауданының жас тұрғыны-қазіргі уақытта 4 «Ә» сынып оқушысы. Үздік оқушы. Жас, талантты шахматшы. Бес жасынан шахмат үйірмесіне барған. Бірнеше аудандық, қалалық, облыстық, республикалық турнирлердің жеңімпазы. Алтын, күміс, қола медальдарының иегері. Дана қазақ «Асылдан асыл туады» деген емес пе?! Көпбалалы отбасының перзенті Ернұр – жанұясының мақтанышы.



Нұрлан Ақбота Қасымжанқызы

Нұрлан Ақбота Қасымжанқызы – 2013 жылы қазақ айының 23-ші жұлдызында Алатаулы абат мекен Алматы қаласында дүние есігін айқара ашады. Отбасында асқаралы атасы мен әжесі, асқар тау әкесі мен аяулы анасы, әркез қолдау көрсетер әпкелері және сәңәлілерінің ортасында ақылды болып өсіп келеді.

Кішкентайынан білімге құмар ару 2018 – 2019 оқу жылында Алматы облысы Іле ауданы, №44 орта мектептің даярлық тобына барып, 2019 – 2020 оқу жылында 1-сынып табалдырығын аттады. Дарынды оқушы бүгінде Шымкент қаласы, «Тұран» мектебінің 2-сыныбын үздіктер қатарында тәмамдап, 3-сыныпқа аяқ басқан өнерлі өнерпаз. Сыныпта өте белсенді, алғыр оқушылардың бірі түрлі мәдени ісшаралар мен сайыс, байқаулардың жеңімпазы.

Құрсанбек Ақзерек Ерланбекқызы



Құрсанбек Ақзерек Ерланбекқызы – «Оқу – білім азығы, білім – ырыс қазығы» деген ұстанымды басшылыққа алған, достарының арасында сыйлы, барлығымен тіл табыса білетін ашық мінезді, нұр сипатты балауса. Ақзерек – ынтымағы мен бірлігі жарасқан отбасында 2013 жылы 6 тамызда Түркістан облысы, Мақтарал ауданы, Алмалы елді мекенінде дүниеге келген талапшыл жас.

«Білген адам білімді өмір бойы іздейді» деген қанатты сөзді басшылыққа алып, 2019 жылы Шымкентқаласы білім басқармасына қарасты Нұртас Оңдасынов атындағы №38 мектеп – лицейі» КММ-нің 1-сыныбына қабылданды. Ағымдағы жылы білімпаз шәкірт «Туран» мектебінің 3-сыныбында оқып жүр. Дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани дірежесі биік оқушыларды тәрбиелеуде үлкен орны бар сынып жетекшісі – Аппазова Нұржамал Данабаевна. Алғыр, өнерлі, зейінді Ақзерек төрт жасында Шымкент қаласында өткен «Айгөлек» балалар байқауында жүлделі 1 орын иегері атанып, өнер жолындағы алғашқы марапатына қол жеткізеді.

Әлемде талай қызық бар...

Жұмыртқа тек ақ бола ма?

Хорватиялық фермер Стип Грегачевичтің тауығы жасыл жұмыртқа туыпты. « Неліктен жұмыртқасының түсі өзгергенін түсінсем бұйырмасын», -дейді фермер. Оның таныстары түстің өзгеруіне жеген тамағының түсі әсер еткен болар деген болжам жасапты. Ал фермердің айтуынша, тамақтың құрамында қызыл бұрыш бар. Қызыл бұрыш жеген тауықтың қалай жасыл жұмыртқа түсіне қарап қызығушылық танытып, кейбіреулер түсті ерекше жұмыртқаға бағаны екі есе төлеуге дайын. Жасыл түстің тамақ дәміне қалай әсер ететіні жөнінде әзірге мәлімет жоқ.

25 мың долларлық балмұздақ

25 мың доллар тұратын балмұздақ ең қымбат десерт ретінде Геннис рекордтар кітабына енгізілді. Мұндай қымбат тағамды Нью-Йорктің Serendipity 3 мейрамханасынан ғана жеуге болады. Өйткені оған какаоның 28 түрі, 5,7 грамм жеуге жарамды алтыннан жасалған балмұздақты мейрамхана аспазшылары зергерлермен бірге дайындапты. Балмұздақ салынған ыдыс алтыннан жасалған. Оны жейтін қасық ақ және қоңыр түсті гауһар тастармен өрнектелген қасықпен беріледі. Нью-Йорк аспазшылары мұның алдында мың доллар тұратын тоқаш пісірген еді. Алтын ыдыстарды қымбат балмұздақ жеген адамның алып кетуіне болады.

Кезек күтумен өтетін уақыт

Ұлыбританияның ірі қалаларының тұрғындары өмірлерінің жарты жылын кезектерде тұрып өткізеді екен. Бұл туралы британдық зерттеушілер мәлімдеді. Олардың айтуынша, мегаполистердің тұрғындары 6 ай уақыттарын кезектерде өткізуге мәжбүр. 3 мың британдық қатысқан сауалнама көрсеткендей, орташа статистикалық ересек адам айына 5 сағат 35 минутын кезекте өткізеді. Бұл уақыттың көпшілігін- айына 53 минут- олар азық-түлік дүкендерінде күтуге -43 минут, бар дәмханаларда кезек күтуге -35 минут уақыт тағы кетеді. Банктерде және почталарда кезекте тұру да британдықтардың тағы 27 минутын алады екен. Бонкаматтарға- тағы 25 минут уақыт кетеді. Жинақтай келгенде, орташа есеппен бойынша британдық азаматтар жылына 67 сағат уақытын кезекте өткізетін болып шықты.



Наурыз – жыл басы

Кожжакулова Г.С
«Туран текребі»-нің оқу және тәрбие ісі орынбасары

Қазақтың жаңа жылы – Наурыз. Наурыз көктемнің бірінші айында болғандықтан жыл басы болып саналады. Наурызда адамдар бір-біріне деген реніштерін ұмытып, ұйыған айрандай тату болу керек. Наурыз мейрамында адамдар жиналып, бір дастархан басында Наурыз көже ішеді. Наурыз көже бұл мейрамның символы болып саналады. Наурыз көжеде жеті түрлі дәмнен жасалады және әр отбасында бұл дәмдер әртүрлі болады.

Жиналған қонақтар ойын ойнап, ән айтып, көңілдерін көтереді. Үлкен кісілер көңілдерін көтеру үшін айтысады. Ерлер күресіп, жас қыздар алтыбақан тебеді. Көбінесе адамдар шөптесін жерлерде жиналып, киіз үй тігіп жиын той жасайды. Менің ойымша Наурыз мейрамын бірігу мейрамы деп те атауға болады.

Наурыз мейрамы наурыздың 21-нен басталады. Бұл күн мен түннің теңескен күні. Наурыз ол барлық адамның бірігіп, тату болатын мейрамы

Наурыз — шығыс елдерінің бүкілхалықтық мейрамы, Ұлыстың ұлы күні. Наурыз шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтіледі. Қазақ халқы да Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды салт-дәстүрге айландырған.

Шығыстың данышпандары Махмұд Қашқари, Омар Хаямнан бастап қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин сынды ұлт қайраткерлері де Наурыз туралы еңбектер, өлеңдер, асыл сөздер жазып қалдырған. Наурыз шығыс елдері үшін бірліктің, татулықтың, еңбектің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойланған. Сондықтан да болар, бұл күні шаттанбайтын, қуанбайтын, мейірленбейтін адам болмаған. Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі

ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алған.

Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен таным ұғымдарының үлгі түрлері өте көп. Оның барлығы әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегелікке, бауырмалдыққа, көргенділікке, ізгілік пен білімділікке баурайды. Наурыз мерекесін асыға күтетіміз, ерекше даярланатынымыз содан болса керек.

Наурыз мерекесіне тән — көпшілікке наурыз көже даярланады, ол тағам жеті түрлі дәмнен даярлануы шарт. Халықта наурыз көжені тойып ішкен адам келесі жылға дейін ішім-жемнен тарлық көрмейді деген ұғым бар.

Үй иесі үлкен кісілерден наурыз көжеге бата сұрайды. Ол кісілер:

«Пәле-жала жерге енсін!

Төрт түлік ақты болсын!

Өрісің малға, үйің жанға толсын!

Ақ мол болсын!» деп бата беріледі.

Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киіп бір-бірімен қол алысып, амандасып төс қағыстырып жақсы тілектер айтылады. Мерекеге арнап жеті түрлі дәннен наурыз көже дайындалады. Осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып арылады.

Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, дастарханнан дәм таттырып, табыстырған, жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау тіккен. Алтыбақан басында ән айтып күй тартады. Дәстүрлі ұлттық ойындар: көкпар, аударыспак, күрес, қыз қуу, тағы басқа ойындар ойналады. Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алады. 22 наурыз күні күн мен түн теңеледі. Табиғат та жер ана да, жан-жануарлар да оянады. Ынтымағы жарасқан көп ұлтты еліміздің осы бірлігін құдай ұзағынан сүйіндірген. Әрбір шаңыраққа қыдыр дарып бақ қонсын!

Мұсылман қауымына исламның жеті байлығын тілейміз. Ұлыстың ұлы күні құтты болсын ағайын!





2021 жылдың мамыр айынан бастап шыға бастады.
Жарты жылдықта бір рет шығады.

Әліппемен қоштасу



1А сынып



1Б сынып



1Г сынып



Бас редактор:
Сарманова Асия Анарбековна

Шығармашылық топ:
Кожакүлова Гулжанар
Садилова Ұлжалғас
Маханбетова Ардақ

Кооректорлар:
Кожакүлова Ақбота

Дизайнер:
АНАРКУЛОВ Ислам



TURAN
МЕКТЕБІ

«Turan mektebi» ЖШС
Мекен-жайы: Шымкент қаласы,
Қаратау ауданы,
«Тұран» мөлтек ауданы,
Жаңа құрылыс көшесі, №2186, №2187
Байланыс нөмірлер: 8700-568-01-01
Инстаграм: @turan.mektebi
Инстаграм: @turanmektebi1
Фейсбук: turan.mektebfb
Эл. почта: turan.mektebi@mail.ru

Әліппемен қостасу



1А сынып



1А сынып



1В сынып

